

2012 жылы денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау көрсету туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2012 жылғы 25 сәуірдегі № 24 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 15 мамырда № 3 -9-170 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2013 жылғы 13 маусымдағы № 93 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 13.06.2013 № 93 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдесіндегі № 66 "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабының 8 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» Қаулысына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2012 жылы Мұғалжар ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдаудың келесі түрлері көрсетілсін:

- 1) жетпіс еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көтерме жәрдемақы;
- 2) тұрғын үй алу немесе салу үшін бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік несие.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Аққұлға жүктеледі.

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат

Аудандық

сессия төрағасы

мәслихаттың хатшысы

Қ.Төкешев

С.Салықбаев

